

Пройдет много лет, и мы, будучи молодым поколением, станем историей, которую будут изучать наши потомки.

Список использованной литературы:

1. Мерке, село - Казахстан - Жамбылская область - Меркенский район. [Электронный ресурс]. – Режим доступа// <https://tochka-na-karte.ru/Goroda-i-Gosudarstva/9973-Merke.html> (дата обращения: 20.11.22).

2. История Мерке. Древние города Казахстана. [Электронный ресурс]. – Режим доступа// <http://turkistan.ru/puteshestvie-po-strane/drevnie-goroda-kazahstana/istoriya-merke.html> (дата обращения: 20.11.22).

3. Досымбаева А. *Мерке* – сакральная земля тюрков Жетысу. – Тараз: Сеним, 2002. - 107 с.

4. Меркі ауданында. Мерке: Аудандық тарихи өлкетану мұражайы, 1999. - 315 с.

5. Andrej Nikolajevič Beketov. Записки Императорского русского географического общества: книжка третья; четвертая. - 1861. - 570 с.

6. Меркенский сахарный завод. [Электронный ресурс]. – Режим доступа// <https://eldala.kz/dannye/kompanii/1231-merkenskij-saharnyj-zavod> (дата обращения: 22.11.22).

7. Меркенский сырзавод. [Электронный ресурс]. – Режим доступа// <https://eldala.kz/dannye/kompanii/1231-merkenskij-saharnyj-zavod> (дата обращения: 22.11.22).

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТІНІҢ БАС ЖАЗУШЫСЫ АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ»

Жолтай Р.С

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м. оқытушы Түсіпбек Қ.Е.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

Tusupbek1993@mail.ru

Қарағанды қ.

«Қазақ» алғашқы сандарының бірінде өзінің ұстанған жолын айқындап, оқырмандарына мақсат-мүддесін нақтылап түсіндірді, «Бұл газетаның мақсаты – жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасында өнер, ылым жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық – жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беріп тұру, ішкі һәм сыртқы хабарды жазып тұру, сауда, жер-су, кәсіп, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп-медресе, школа, ғылым, өнер, тіл-әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу» [1,296]

Мақсұтнамадан ұғылатын жалпы «жұрт пайдасына көз болуға» ниеттенген газеттің тақырып ауқымын шартты түрде үш желіге жүктеуге болады, саяси әлеуметтік мәселелер, шаруашылық- экономикалық мәселелер және мәдени-ағартушылық мәселелер. Яғни газет қазақ өмірінің бар саласындағы ділгір мәселелерді көтеруге ұмтылған. «Қазақ» газетінің осы тұрғыда жарық көрген мақалаларын негізінен үш публицист жазып және дайындап отырғаны талассыз шындық. Олар – Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов. Қай-қайсысы да кез келген тақырыпқа жаза алар хас шеберлер болғанымен де, Әлихан көбіне саяси-экономикалық, Ахмет мәдени-ағартушылық, Міржақып әдебиет пен өнер мәселелеріне көбірек жазды. «Қазақтағы» көптеген бас мақалаларды Ахмет Байтұрсынұлы жазған және бас жазушы ретінде қай мәселеде болсын өзіндік көзқарасын білдіріп, бағдар-бағытын айқындап отырған. Оның кейінірек «батысшылдық» тобының идеологы атануына себепші болған көбіне-көп осы «Қазақтағы» мақалалары арқылы танылуы болса керек-ті.

«Қазақ» газетінің ұлттық қоғамдық-саяси бейресми газет екендігі саяси тақырыпқа жазылған материалдардан көрінеді. Бір кездегі іргесі ыдырамай жатқан халық келімсектер

келімен күшті жұрттың аяқ асты болып, азып-тозып бара жатқанын, сондықтан да саяси күреске шығу, езгіден босанар олды анықтау ісі бүгінде алдыңғы кезекке шыққандығын айта келіп «өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып, тұра аламыз ба? Осы бізді төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе»,- деп мәселені нақты қояды. [2,168]

«Қазақ» газетінің патшалық Ресейге қарсы күрестегі тактикалық әдісі ең алдымен саяси-азаматтық бостандықтарға қол жеткізу. «Қазақтың» алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы баспасөздің ең басты қасиеттерін жинақтай келе, мынандай тұжырым жасайды: «Әуелі – газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа сондай керек. Газетасы жоқ жұрт басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүнияда не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп, жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ».

Ахмет ағамыздың ойынша, газеттің басты қасиеті пікір айту құралы екендігінде жатыр. «Қазақ» міне, осы қасиетті өзіне ең негізгі міндет санаған. Қандай бір жағдай болсын, қандай бір тарихи оқиға болсын, өз пікірін ашық білдіріп, өзіндік бағытын айқындап отырды.

XX ғасырдың басындағы қазақтың озық ойлы азаматтарын, жалпы, «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған үш мәселе барлық іс-әрекетке қозғаушы болды. Олар: жер мәселесі – ғасырлар бойы сыртқы жаудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі болған ата қоныс, одан айырылу ел ретінде тарихтың сахнасынан кетумен тең еді; оқу-ағарту мәселесі – ұлттық сананы ояту негізі, ана тілінің бар мүмкіндігін пайдалана отырып, өркендеген елдермен терезесі тең болу, өзінің жөн-жосығын өзі айқындап, замана тынысын сезу; билік мәселесі – ұлттық бірліктің ұйытқысы, патшалық отыршылдық саясаттың қыспағы салдарынан өзін-өзі билеуден қалған елді өркениеттің жолына салу үшін азаттыққа бастайтын ауыз-біршілік орнату мақсаттарын күн тәртібіне қойды.

Сонымен, XX ғасырдың басындағы ең маңызды проблема ретінде үш мәселенің – жер, оқу, билік – алдыңғы қатарға шыққанында «Қазақ» газетінің осы үш мәселеде де өз бағдар-бағыты, жан-жақты жете ойластырылған жеке тұжырымдамасы болды. «Қазақ» газетінің тарихи рөлін және Ахмет Байтұрсынұлының публицист ретіндегі қызметін осы үш мәселе төңірегінде топтастыра отырып қарастырған абзал.

Жер мәселесі «малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін қазақ үшін ең басты мәселе. XX ғасырдың басында қазақ елі өзінің шұрайлы жерлерінен бұрынғыдан да көбірек түрде айырыла бастады. «Егер 1893 жылға дейін, яғни 12 жылдың ішінде қазақ халқынан 4 млн десятинадан артығырақ жер тартып алынса, 7 жылдың ішінде – 1906 жыл мен 1912 жыл аралығында – 17 млн десятинадан астам жер тартып алынды». [3,415-419]

«Қазақ» газеті жарыққа шыққан тұста бұл процесс күшейіп, халық басына патша өкіметі төндірген үлкен қауіпке, үлкен қасіретке айналған болатын. Ендеше «Қазақ» айналасындағылар осы бір сұсты мәселеге араласпауы мүмкін емес еді: Бұл туралы «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсінік жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллиондай адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турасында қазаққа ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқаларды да қата ұқпастай етіп, анықтап, ашық сөйлегеніміз абзал» - деді газет редакторы А.Байтұрсынұлы.

«Қазақ» газетінің жер мәселесіне баса назар аударуы тегіннен-тегін емес еді. 1909 жылғы 9 маусымда жарияланған столыпиндік заң бойынша жер алуда екі түрлі норма болды. Қоныс алушылар нормалары – әрбір ер адам басына 15 десятинадан, көшпелі норма – жан басына 12 десятинадан. Бұл шынын айтқанда қазақ халқын тонау болатын. «Қазақ» газеті ең алдымен осы бір жарлықтың заңды-заңсыздығына назар аударды. Әрине, патша қазақ жерін мемлекеттік деп жариялағанымен, 1891жылғы «Далалық Ереже» бойынша, қазақ жері мәңгілік қазақтардың пайдалануына беріледі, тек қана артық жерлері ғана алынады деп көрсетілген: «Қазақ» газеті төңірегіндегілер кейінгі шыққан столыпиндік жарлықтың заңды-заңсыздығын анықтауға тырысып, жалпы қазақ жерін алу дегенге қарсылық білдірді.

Мұндай зорлықтардың себебін зерттей келе газет қазақ халқының өз жерінен бостан-босқа айырылып жатуы жер болу заңынан хабарсыздығында деген қорытындыға келеді. Сондықтан да «Қазақ жерін алу турасындағы нұсқаға» түсініктеме беру қажет деп есептеді. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы «қазақ жерін алу турасында шыққан нұсқа бұйрықтарды қазақ білсе, сонда жәбір көрушілер азаяр еді,- дей келіп: «Жол бойынша: қазақты қыстауынан көшірмей тұрып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндетті, қазақ көшкенде даярлап, белгілеп берген жерге көшпек.Бұл жолды білмей, «мұжық қуып шығарды, пәлен қуып шығарды, отыра алмадық» дейді. Мұжық болсын, басқа болсын, нұсқадан күшті емес» - деп тек заңға жүгіну керектігін ескертеді. Сонымен бірге, 9 маусымдағы заңның 12 бабын түгел келтіріп, осы заң жобасын жер бөлу кезінде пайдалануын, түсінбегенін сұрап алуға шақырады.

А.Байтұрсынұлының бұл мақаласының негізгі идеясы – қазақ шаруаларының мұжықтың қолжаулығында кетпеуі. Жерін тартып алып, елін зар жылатып жатқан патша әкімшілігінің зорлығына еш айласы болмаған соң, ең болмаса, заңда көрсетілген жеңілдіктерді пайдалануды көздеген едік.

Байтұрсынұлы «Қазақтың байлары, күштілер! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен тең-тергендер. Бір асауға да болса құлдық дейтіндер, көбінесе солардан боларды»,- дей келіп, «Айқап» авторларына: «Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер, сіздер адассаныздар, арттарыңнан алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар»,-деген жалынды да уытты сөздерге, арнау-үндеуге дейін барды. Ахмет қазақ қоғамындағы таптық бөліністен гөрі, рулық қауымдастықтың берік екендігіне сенді. Және оған өзгелерді де сендіруге тырысып бақты.Қаймағы бұзылмай келген тұрмыстың осынау дауыл тұрған тұста ыдырамауын, бір-біріне қол созуын шынайы қалады. Сол бір қауымдастықтың нәтижесінде ту-талақайға түспекке тұрған ата жұртты сақтап қалуға ұмтылды.Жалпы «Қазақ» зиялылар тобы халықтың тұрмыс-салтында бар, ғасырлар бойы қалыптасқан жақсы қасиеттерді жетілдіре түсуге тырысты. Мәселен, Ә.Бөкейханов «Кәкітай» атты мақаласында Абай балаларының 15 десятинадан жер алу-алмау туралы ақыл сұрап, хат жазғанын айта келіп, берген жауабын блай келтіреді. «Бұл жолсыз қоқанлоқы тамам қазақ баласына. Жерің кетсін Құнанбай баласы тобықтыға мұрындық болды деген атқа қаларсың. Не болса да жұртпен бірге көр. Жұрт шаруасы қағаз бен 15-ді алғанмен егінге айналмас. Тама жұрт Құнанбай баласына еріп қалған, артыңнан еріп 15-ке қор болса, мал баққан шаруаға зиян болар». [4,30]

1905 жылғы өзгерістерден кейін сөз бостандығы, азаматтық құқық бостандықтарының берілуі бұратана халықтар өкілдерінің Мемлекеттік Думаға сайлануына қол жеткізді. Бірақ, 1907 жылы 3 маусым жарлығы бойынша Қазақстан мен Орта Азия халықтары өздерінің Думаға өкілеттік сайлау құқығынан айырылып қалды. Бұл үлкен саяси жеңіліс болып есептеледі. Себебі қазақ зиялылары Думаны халықтың мұң-мұқтажын әлемге жаяр айбынды мінбер, езілген халықтардың саяси күреске шығуының жалғыз жолы, жарыққа жол ашар терезесі іспетті қарады. Шынында да тарихи шындыққа жүгінер болсақ, қазақ сияқты шет аймақтағы ұлттар үшін Мемлекеттік Дума бостандықтың босансығандай болғаны сөзсіз. Әрине,патшалық самодержавие Думаны өзінің пайдасына, патша билігінің арта түсуіне икемдеп, империяның ішкі және сыртқы саясаттағы билігінің үстем бола түсуін көздеді.

Оқу-ағарту мәселелерін «Қазақ» газетінде ең көп жазушы Ахмет Байтұрсынұлы. Газет бетінде оның «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б материалдары жарияланды. Сонымен қатар, ол бас мақалаларында да өзгедей, әр түрлі тақырыптарға арналған мақалаларында да қажетті жерінде бұған үнемі қадағалай айтып, айналып соғып отырды.

Оны «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту жөніндегі мақалалары тегінде қазақ мектептерінің жағдайын жақсарту және оған шәкірттерді көптеп тарту, сөйтіп, ұлттық тілді мектептерді негізгі білім көзіне айналдыру және қазақ тілінің мүмкіндігінше кең қолданысқа түсуіне жағдай жасауды көздеді.

Ахмет қазақ тілін жетілдіру, оның өзіндік әліпбиін жасау жөніндегі алғашқы мақалаларын «Айқапта» жариялап, оны жақтаушылардың да, даттаушылардың да табылғаны белгілі. «Айқапта» жарияланған «Жазу тәртібі» {5} атты мақаласында ол қазақ жазуын араб әліпбиі негізінде түзіп, қазақ халқының тілдік ерекшелігіне сәйкесетін жазу үлгісін ұсынудың тұңғыш қадамын жасады. Тіл тазалығы үшін күрескен Ахмет Байтұрсынұлы, ең алдымен, қазақ тілін өркендетудің жай-күйін көп ойлады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын жаңа бір араб-қазақ жазу үлгісін ұнады. Оның бұл бастамасы көп айтыс-тартыс туғызды. Жалпы түрік жазу үлгісін жасаушыларды қолдаушылар түркі тектес халықтардың әдеби тілін бөлшектеуге қарсылық білдірді. Ал қазақ тілін оқытудағы Ахмет Байтұрсынұлы жасаған реформа – қазақ тілінің өзіндік табиғатын терең танудан, оны ғалымдық біліктілікпен саалаудан туған іргелі ізденістер жемісі. Бұған жоғарыдағы мақалада айтылған мына ойлар куә, «Тәртіпті жазу деп айтамыз, тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харіфі, қарпі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ. Бір белгімен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз. Бірдей жазылған сөзді қалай әр түрлі оқысам дұрыс болады деп бала қиналмайды ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын, жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салуымыз керек». [5,30]

А.Байтұрсынұлов жазу, оқыту мәселелерін «Қазақ» газетінде ең негізгі мәселеге айналдырып, айрықша көңіл аударып отырды. Бұл тақырыпқа арналған мақалалардың көбін өзі жазды. Оның «Қазақша оқыту жайынан» атты мақаласы қазақ мектептеріндегі оқуды жетілдіру мәселелеріне арналды. Онда оқу жүйесінің жаңа әдісін игере қоймаған мұғалімдер кемшілігіне тоқталды. «Бұлардың бір кемшілігі сол, бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады... Қазақ мұғалімдері түгілі ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағынан шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей «Ұсул сотия» жолымен жақсылап оқытуға болмайды. Медресе «Ғалия», медресе «Хұсайыниядан» шыққандардың көбі қазақ тілінде қанша хәм қандай дыбыстар бар екендігін жақсы білмейді. Көбі қазақ тіліндегі дыбысты хәрпіне қарап есептейді. Араб харпі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса да жоққа санайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екендігін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік» [6,130] –деп ұстаздықтың негізгі бағыттарын көрсетіп берген.

Мектеп ісінің өркендеуі үшін не қажет? Олардың ең бастысы қайсысы? «Қазақ» газетіндегі мақалалардың бір парасы осы төңірегінде. Ахаң мұнда да алымды ағартушы, көрнекті ұстаз ретінде көзге түседі. Ол «Мектеп керектері» атты мақаласында бұл жайға кеңірек тоқталып, орынды да орнықты пікір айтады, өнеге көрсетеді. Мектепке қажетті үш жайды алдымен айтады. Әрине, бір қарағанда бұлар ағарту саласында жүрген кез-келген кісі айтар пікір секілді. Өйтсе де, Ахмет мақаласының ерекшелігі сонда, ол осы бір мектептің айнымас бөлшегі іспетті жайларды тек атап қоймастан, осы арқылы педагогика атты ғылымның теориялық, практикалық мәселелеріне қатысты өзіндік ойларын, тұжырымдарын алға тартады.

Патшалық самодержавие ағарту саласында екі бағыт ұстанған. Біріншіден, ол жаппай сауаттылыққа қарсы болды, сондықтан да мұсылмандық бастауыш мектептердің кең өріс алмауын қатты қадағалады. Екіншіден, отаршылдық әкімшілікке қажетті кеңсе қызметкерлерін даярлау үшін орыс-қазақ мектептерін ашып, онда орыс тілін, арифметикалық амалын, орыс әліпбиі қазақ тілін оқытпасқа амалы болмады. Бірақ, мақсат айқын, бағыт нақты. Академик Бартольдтің тұжырымымен айтсақ, «Не сообщать туземцам слишком много сведений на их языке и не содействовать этим упрочению местной литературы и местных культурных особенностей, в ущерб обрусению». Бұл істе миссионер Н.И.Ильминский (1842-1891) сияқты «оқымыстылар» үлкен еңбек сіңірді.[7]

Байтұрсынұлының мұншалық кең көлемде мақала жазып, бастауыш мектепке ерекше көңіл бөлуі тегіннен-тегін емес. Өйткені, әлі де болса ғылым-білімге ұмтыла қоймаған есіл жұрттың жалпы сауаттылығының артуы көбіне-көп осы бастауыш мектепке тіреліп жатқанды. Оны жақсарту көп түйкілді, көп түйінді шешуге игі әсер етері сөзсіз еді. Әрине, ол заманда

қазақ халқына жоғары және орта оқу орнын бітіргендер де аса қажет болатын, дегенмен, бастауыш мектептің неғұрлым көп болуы және талапқа сай дұрыс жолға қойылуы жалпы ұлттық сананың оянуы мен білімді қазақ жастарының арта түсуінің бірден бір өзегі екендігі талассыз. Және ел ішіне білім нұрын шашатындар қазақша бастауыш мектепті бітіргендер болатыны да рас.

Ахметтің «Қазақ» газетінде таза ұлт тілінде оқыту жайында жазған көптеген мақалалары – оның «Оқу құралдары» мен қазақ тілі жайлы сан-салалы еңбектерінің қайнар көзі. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін оқыту-үйрету жолдарын көптеген кітабына арқау еткен Ахаң қазақша оқудың, ана тілімен ауызданудың пәрменді насихатшысы болды. Оның бұл ұлы идеясын қолдаушылар тарамдатып алып кетті. М.Дулатов «Тіл құралы» мақаласында: «Шын қазақша жазылып, тіл мәселесін қолына ала туған осы «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас. Бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз. Төрт жылдан бері шығып тұрған «Айқап» шығуын тоқтатқан «Қазақстан» бұл жағын жете ескерген жоқ», -деуі «Қазақ» газетінің көрнекті құрал деңгейіне көтерілгенінің бір дәлелі еді. Сонымен қатар, автор татар газеті «Құяш» арқылы өз ойын бекіте түседі, «Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр. Тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жаһит қылып тұрған тек «Тәр-жіман» мен «Қазақ» газетасы.

«Қазақ» газетінің 1913 жылдың ақпанынан 1918 жылдың қыркүйек айының аяғына дейін шығып тұрғанын жоғарыда айттық. Газет осы 5 жыл ішінде ел тілегінің өзектісін, жұрт қамының ең керектісін тауып сөйлеуге тырысты. Бас жазушысы Ахмет Байтұрсынұлының көрегендігі мен саяси тұрақтылығы нәтижесінде қазақ халқының саяси көзқарасының тұрақтылығы нәтижесінде қазақ халқының өркениетті өзге жұрттармен теңелуіне сан қиындықты бастан өткере отыра, қайыспай күрес жүргізе білді. Қазақ жерін келімсектерден арашалауға, елінің еркіндігін қорғап, ұлт тілінің өркен жаюына жол іздеп, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлес қосып, ұлттық мектеп ісінің жандануына жолбасшы болып, патша әкімшілігінің отаршылдық зорлық-зомбылығын әшкерелеп отырды. «Құрығы ұзын» патша жандармериясы мен «қырағы көз» патша цензурасының кезінде бұдан өткір мәселе қою, газеттің өз түбіне өзі жетуімен бірдей еді. Сондықтан да «Қазақ» астарлы сөз, жас ырын ойға жүгінді.

1916 жылдың қасіреті соққанда ол ел қамын көздеп, 6 млн халық мылтықтың оғы мен зеңбіректің добынан қырылып кетпес үшін ереуілдеген ер азаматты ақылға шақырып дабыл қақты. 1917 жылдың қара бұлт арасынан жылт еткен бостандық сәулесін сезінісімен сол бір бостандық әлеміне өз халқын бастай жөнеліп, елінің елдігін, қазақ халқының ұлттығын сақтап, өзгелермен терезесі тең болу жолында ту көтеріп, күреске шықты. Сол тұста құрылған «Алаш» ұлт-азаттық партиясының үлесі ретінде елдің саяси көшбасшысына айналды. «Қазақ» қай уақытта да әл-қадірінше замана ауанына қарай ұйытқи соққан саяси дауылдың бағытын аңғарып қана қоймай, оның зұлматты жойқын күшін де, оң өзгерістерге бастайтын лебін де неғұрлым дәл бағдарлауға тырысты. Сол арқылы халқына мүмкіндігінше аз қасірет, көп жақсылық әкелуді ойлады. Өзі халыққа пайдасыз, теріс деп түсінген саяси бағытты үнемі әшкерелеп отырды. 1917-нің қазанындағы төңкерісті мойындамай, оған қарсы шығуы да сондықтан еді. Табиғи қажеттілігі жоқтығы қоғамдық даму процесінің шындығынан туындайтын бұл төңкерісті тек «Қазақ» газеті немесе қазақ зиялылары ғана емес, қоғамдық қатынастың белгілі бір даму дәуіріндегі қазақ халқы да қабылдамаған-ды.

Тарихшы ғалым Қамбар Атабаев Ахмет Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетін: «Қазақ» тек аласұрған заманның, аласапыран оқиғалардың сырттан қараған бақылаушысы ғана болып қойған жоқ. Ол сол буырқанған оқиғалардың бел ортасында жүрді. Қайнаған құбылыстар барысын суретке түсіргендей өз беттерінде бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып, өз беттерінде қаттады. Сөйтіп «Қазақ» қазақ өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес дерек көзіне айналды» деп бағалайды.[8,179]

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдылыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы

– тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі. Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгініне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршеңдігімен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер «Темірқазыққа» айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ә. Зерттеу-эссе // Алматы, Арда баспасы 2007. – 296 бб.
2. Әбдіманов Ә. Қазақ газеті // Алматы, Қазақстан 1993.- 168 бб.
3. Қазақ ССР тарихы. 3 том (415-419 беттер)
4. Имаханбетова Р.С. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы // Алматы, Арыс 2006.- 30 бб
5. Еркінбаев Ұ.О. Әдебиет танытқыш ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде. Алматы., 2007.- 30б.
6. Тоғжанов Ғ. О Байтұрсынове и байтұрсыновщине // <http://bigox.kz/kazak-gazetinin-shyguu-kalyptasuy-zhane-derektik-ereksheligi/>.
8. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Алматы., 1996 ж. -179 бет.

Ж. ШАЯХМЕТОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ

Зульбухар Р. М.

Ғылыми жетекші: Жеңіс Ж.Ж , тарих ғылымдарының кандидаты, PhD

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электронды адресі:rozalina221102@gmail.com

Алматы қ.

Ғасырлар тоғысында білім беру ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады, себебі ол дамыған мемлекеттердің өркендеуінің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сондықтан күні бүгінге дейін педагогикалық категория ретінде саналған «білім беру» ұғымы кең мағынада маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуда. Білім беруді философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану тағы басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар өз тұрғысынан қарастырып зерттейді. Сондықтан бұл ұғымның ауқымы кеңею үстінде.

Қай мемлекетте болмасын, оның дамуы мен әлеуметтік жағдайының басты көрсеткіші сол мемлекеттегі білім саласының қай деңгейде екендігіне байланысты. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясында «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті деген болатын.[1]

Қазақ жері тарихтың қай кезеңінде болмасын ғылым мен білімнің, өркениеттің бір пұшпағы саналды. Анахарсис, Әл-Фараби, Яссауи, Махмұд Қашқарилер дәл осы қазақ жерінде туылып, өскендігі осының айқын дәлелі. Ортағасырлар мен Қазақ хандығы тұсында еліміздегі білім жүйесі араб-мұсылман дәстүрлеріне сай болса, Ресей отаршылдығы кезінде білім жүйесі ақырындап орыс білім дәстүрлерін қабылдай бастады. Кеңестік кезеңде, жаңа, кеңестік білім жүйесі орныға бастады. Ескіше сауатты адамдар қудаланып, зорлықпен пайда болған коммунистік режим жаңа, кеңестік білімге ие қызметкерлер мен жұмысшыларға қажеттілікті сезінді.